

Ұ.Қ. Құмарова, Г.А. Илиясова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: G.Iliasova@mail.ru)*

Азаматтық құқықтағы көліктік міндеттемелердің жіктелуі

Зерттеу жұмысының мақсаты азаматтық құқық бойынша көліктік міндеттемелердің жіктелуіне талдау жүргізе отырып, соның негізінде көліктік міндеттемелердің жекелеген түрлерін айқындау болып табылады. Аталмыш мақсатқа жету үшін көлікті қызмет көрсету туралы азаматтық-құқықтық шарттардың әр түрінің құқықтық табиғатын зерттеу міндеті алдыға қойылды. Көліктік шарттардың мәні мен құқықтық табиғаты көліктің әртүрлі саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамалық нормаларға құқықтық талдау жүргізу жолымен ашылады. Бұл зерттеудің теоретикалық негізі ретінде көліктік шарттардың ұғымы мен түрлеріне, көліктік міндеттемелердің құқықтық реттелуіне арналған ғалым-цивилисттердің ғылыми зерттеулері болады. Мақалада көліктік міндеттемелердің, соның ішінде тасымалдау шартының жіктелуі секілді мәселелер қамтылады, көліктік шарттың әрқайсысының құқықтық табиғатына талдау жүргізіледі, сондай-ақ көліктік қызметпен байланысты өтеулі қызмет көрсетулер туралы басқа да шарттардан туындайтын міндеттемелердің (мәселен, лоцмандық қызмет көрсету туралы шарт, құтқару туралы шарт, авиациялық жұмыстарды орындау шарты, теңіз агенттігі шарты т.б.) жеке тобын бөліп қарастыру мәселесі талқыға салынады. Ғылыми жаңалығы көліктік міндеттемелердің жекелеген түрлерін құқықтық реттеуге зерттеу жүргізу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Кілт сөздер: көліктік міндеттеме, көлік шарты, тасымалдау шарты, аралас тасымалдау шарты, көлік экспедициясы шарты, чартер, көліктік қызмет көрсетулер.

Kipicne

Көліктік міндеттемелер азаматтық-құқықтық қызмет көрсету бойынша міндеттемелер жүйесін құрайды. Қызмет көрсету бойынша міндеттемелер көлік үрдісінің барлық сатысына әсер ететін міндеттеме — бұл материалдық құндылықтарды, жолаушыларды, олардың теңдеме жүктерін тасымалдау, көлік экспедициялық қызмет көрсету бойынша міндеттемелер.

Азаматтық құқықта көліктік шарттарды бірнеше топтарға жіктеуге болады. Көліктік шарттардың бірінші тобы тасымалдау шарттарынан тұрады, ал екінші топқа ұйымдастырушылық шарттар (тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарттар, тораптық келісімдер, жүктерді орталықтандырылған тасымалдау); үшінші топқа экспедициялық (көлік экспедициясы шарты), төртінші топқа өтеулі көліктік қызмет көрсетулер туралы шарттар немесе көлік саласындағы басқа да қызмет көрсетулер туралы шарттар (вагондарды беру және жинау туралы шарт, кірме жолдарды пайдалану шарты, аэронавигациялық қызмет көрсету шарты, сүйретіп жүзу шарты, лоцмандық қызмет көрсету туралы шарт, теңіз агенттігін жүргізу шарты, теңіз делдалдығы шарты, құтқару туралы шарт т.б.) [1; 44].

Қолданыстағы азаматтық заңнамамен көліктік шарттардың төмендегідей түрлері қарастырылған:

1) жүкті тасымалдау шарты; 2) жолаушыны, теңдеме жүкті тасымалдау шарты; 3) кеме жалдау (чартер) шарты; 4) тікелей аралас тасымалдау шарты; 5) тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарттар; 6) көлік ұйымдары арасындағы шарттар; 7) жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау шарты; 8) көлік экспедициясы шарты.

Сонымен қатар аталған шарттардың кейбіреулері тасымалдау қандай көлікпен жүзеге асырылатынына қарай түрленетінін ескерсек, онда көліктік шарттардың құрылымы одан әрі кеңейе түседі.

Тасымалдау шартын жасасудың экономикалық мақсаты, әдетте, жүктерді және жолаушыларды бір жерден екінші жерге тасу, яғни тасымалдап жеткізу қажеттігі болып табылады. Көліктік қызмет көрсетулер келесідей түрлерге жіктеледі: жүк тасымалдау; стивидорлық — жүктерді тиеу, түсіру бойынша қызмет көрсету; тальмандық — жүктері санау, өлшеу бойынша қызмет көрсету; қоймалық — жүктерді сақтау бойынша қызмет көрсету; басқа да ұсақ, ілеспе қызметтерді көрсету (мәселен, жүктер салынған ыдыстарды жөндеу, жүктерді сорттау, таңбалау т.б.) [2; 7].

Тасымалдау кезінде қалыптасатын көлік ұйымдарының, жүк жөнелтуші, жүкті қабылдаушылардың арақатынасы тасымалдау шартына негізделіп, реттеледі. Тасымалдау шарты

жүктерді, жолаушыларды және қол жүктерін кеңістікте ауыстырудың құқықтық негізі болып табылады.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу жұмысының әдістемелік негіздерін жеке ғылыми және жалпы ғылыми таным әдістері: нормативтік-логикалық, тарихи, салыстырмалы құқықтану, талдау, синтез, жүйелі-құқықтық және т.б. құрайды. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында көліктік міндеттемелердің теориялық тұжырымдарын қарастыратын теориялық материалдарға талдаулар жүргізілді.

Нәтижелер

Тасымалдау шарты — азаматтық құқықтағы ең маңызды шарттардың бірі, ол ұзақ уақыт бойы мердігерлік шартының жеке түрі ретінде қарастырылып келген болатын. Қазақстандық азаматтық құқықтың аумағында тасымалдау шартын дербес түрге бөліп қарастыру кеңестік мемлекеттің қалыптасу кезеңінде аяқталған ұзақ та қиын үрдістен өтті.

Кеңестік дәуірге дейінгі Ресей азаматтық заңнамасында тасымалдау шарты мердігерлік шарттың бір түрі ретінде қарастырылғанымен, азаматтық құқық ілімінде тасымалдау шартының дербестігі танылып, оны жан-жақты реттеу қажеттігі аталып өткен болатын. Мәселен, Г.Ф. Шершеневич азаматтық-құқықтық шарттарды жіктей отырып, қызмет көрсету туралы шарттардың қатарында тасымалдау шартын дербес көрсетеді және оған келесідей анықтама берген: «Тасымалдау шарты — бір тарапты, тасымалдаушыны, сыйақы үшін басқа тараптан, жөнелтушіден, қабылдап алынған заттарды құрлық жолымен немесе су жолымен, өзінің жалжымалы құралымен белгіленген жерге дейін жеткізуге және белгілі бір тұлғаға — қабылдап алушыға табыстауға міндеттейтін келісім» [3; 209].

Кеңестік кезеңде тасымалдау бойынша туындайтын қатынастарды шарттық деп тану біртіндеп жүзеге асырылды. Өткен ғасырдың 20–50-жж. аралығында социализм дәуіріндегі жоспарлау жүйесіне сай тасымалдау әкімшілік сипатқа ие болғандықтан, тасымалдау бойынша қатынастардың шарттық табиғатына күмән келтірілді. Цивилист-ғалымдар жүктерді тасымалдау жоспарлау актілерінің негізінде туындайтын болғандықтан, жүкті тасымалдауға табыстау және қабылдау темір жол ұйымы мен жүк жөнелтуші үшін жоспарды орындау міндетті болып табылады, сондықтан оны шартпен рәсімдеудің қажеті жоқ деп пайымдады. Осыған байланысты тасымалдау қызметі біржақты мәміле деген ұғым қалыптасты.

1961 ж. КСРО және одақтас республикалардың азаматтық заңнамаларының негіздерінің қабылдануына орай жүктерді, жолаушыларды, қол жүктерін тасымалдау шарттары бекітілді (72–77-бб.). Сөйтіп, заң әдебиетінде тасымалдаудың шарттық табиғаты анықталды. Одақтас республикалардың, соның ішінде Қазақ КСР-ның 1964 жылғы Азаматтық кодексінің 34-т. «Тасымалдау» деген атаумен көлік ұйымдары мен клиенттердің арасындағы қатынастарды реттейтін тасымалдау шартының құқықтық негіздері тыңғылықты бекітілді (363–376-бб.). Аталған заңнамалардың негізінде тасымалдау ережелері КСРО темір жолдарының Жарғысында (1964), КСРО Сауда мақсатында теңізде жүзу кодексінде (1968), Қазақ КСР-ның Автомобиль көлігінің Жарғысында (1970) нақтыланып, жан-жақты реттелді.

Қазақстан егемендігі мен тәуелсіздігінің орнығуымен, нарықтық экономикаға жасалған бетбұрыстардың негізінде шарт жасасу еркіндігі қағидасына негізделген қолданыстағы ҚР АҚ-нің 688-б. бекітілген нормалар тасымалдау қатынастарының шарттық табиғатына қатысты пікірталастардың толастауына негіз болды.

Тасымалдаушылар мен оның қызметін тұтынушылардың арасындағы қатынастарды құқықтық реттейтін негізгі ережелер дәстүрлі ҚР АҚ-де бекітілген, ал көліктің әр түріне байланысты тасымалдаудың ерекшелігі арнайы көліктік заңдармен, заңға бағынышты актілермен анықталады. ҚР АҚ-нің 688-б. 2-б. сәйкес, тасымалдаудың жалпы талаптары көлік туралы заң актілерімен, өзге де заң актілерімен және оларға сәйкес шығарылған ережелермен белгіленеді.

Арнайы көліктік заңнамалар тасымалдаудың негізгі жағдайларын, тасымалдаушы мен жүк жөнелтушілердің, басқа да көлік түрлерінің арасындағы қатынастарды айқындайды, олардың құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін орнатады.

«Тасымалдау» деп аталатын ҚР АҚ-нің 34-б. тасымалдауды реттейтін шарттар жүйесі жинақталған: жүктерді тасымалдау; жолаушыларды тасымалдау; кеме жалдау (чартер) шарты; тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарттар; көлік ұйымдары арасындағы шарттар (тораптық

келісімдер, жүктерді орталықтандырылған түрде тасымалдау және т.б.); тікелей аралас қатынас; жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау шарты [4].

Жоғарыда аталған ҚР АҚ-де қарастырылған шарттардың барлығы бір-бірінен келесі белгілері бойынша ажыратылады: шарттың құқықтық мәнісі, субъективтік құрамы, шарттың құқықтық табиғаты, пәні, мазмұны, тараптардың жауапкершілігі. Осы шарттарға қысқаша сипаттама беруді жөн көрдік.

Жүкті тасымалдау шарты бойынша бір тарап (тасымалдаушы) өзіне басқа тараптың (жүк жөнелтушінің) сеніп тапсырған жүгін белгіленген мекенге жеткізуге және жүкті алуға уәкілетті адамға (алушыға) оны беруге міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші жүкті тасымалдағаны үшін шартқа немесе тарифке сәйкес ақы төлеуге міндеттенеді. Жүк тасымалдау шарты көліктік құжатын, коносаментті, тауар-көлік құжатын немесе жүк тасымалдаудың көлік туралы заң актілерінде көзделген өзге құжатын толтыру арқылы рәсімделеді (ҚР АҚ-нің 689-б.) [4].

Аталмыш шарт нақты шарт ретінде сараланады, себебі міндеттеме жүк жөнелтуші жүкті табыстаған және оны тасымалдаушы қабылдаған сәтте туындайды. Шарттың анықтамасынан байқалып тұрғандай, ол екі жақты шарттарға жатады, себебі міндеттеме тасымалдаушы жағында да, жүк жөнелтуші жағында да болады: тасымалдаушының қызметіне тиісінше ақы төленуі тиіс. Тасымалдау шартына тасымалдаушы мен жүк жөнелтушіден басқа, жүк қабылдаушы да қатысып, құқықтар мен міндеттерге ие болады.

Жолаушыларды тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы жолаушыны баратын мекеніне, ал жолаушы теңдеме жүкті тапсырған жағдайда теңдеме жүкті де апаратын мекенге жеткізуді және оны теңдеме жүкті алуға құқық берілген адамға беруге міндеттенеді; жолаушы жолына, ал теңдеме жүгін тапсырған кезде — теңдеме жүгін алып баруға ақы төлеуге міндеттенеді. Жолаушы мен теңдеме жүкті тасымалдау шарты тиісінше жол жүру билетімен және теңдеме жүк түбіртегімен рәсімделеді. Жол жүру билеті мен теңдеме жүк түбіртегінің нысаны көлік туралы заң актілерінде көзделген тәртіппен белгіленеді (ҚР АҚ-нің 690-б.) [4].

Жоғарыда берілген анықтамадан бұл шарт екі жақты, өтеулі шарт болып табылатындығы айқындалып тұр. Сонымен қатар ол консенсуалдық сипатқа ие, себебі жолаушы жол жүру билетін сатып алған сәттен бастап тасымалдаушының көлік құралын жол жүру кестесіне сәйкес ұсыну және жолаушыға орын беру, теңдеме жүкті қабылдап алу міндеті туындайды.

Кеме жалдау (чартер) шарты бойынша бір тарап (кемемен жалданушы) басқа тарапқа (кеме жалдаушы) жолаушыларды, теңдеме жүкті және жүктерді тасымалдау үшін бір немесе бірнеше көлік құралын толық немесе оның сыйымдылығының бір бөлігін бір немесе бірнеше рейске ақы төлеттіріп беруге міндеттенеді. Кеме жалдау шартын жасасу тәртібі, сондай-ақ оның нысаны мен түрлері көлік туралы заң актілерімен белгіленеді (ҚР АҚ-нің 691-б.) [4].

Аталған шарт екі жақты, өтеулі, консенсуалды болып табылады. Алдыңғы қарастырылған екі шарттар пәні бойынша ажыратылады: чартер шарты бойынша тасымалдаушы жеке жүк жөнелтушіден белгілі бір орынға жүкті қабылдап алмайды немесе нақты жолаушыға алған билетіне сәйкес көлік құралында белгілі бір орындарды беруге міндеттенбейді, керісінше, тасымалдаушы бір немесе бірнеше рейске көлік құралының түгелдей немесе бір бөлігін беру бойынша әрекет етеді.

Қазақстандық азаматтық құқық «кеме жалдау шарты» ұғымын тек қана жүктерді, жолаушыны, теңдеме жүкті теңіз көлігімен тасымалдау шартына қолданады. ҚР Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы Заңының 54-б. 2-б. бойынша жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты:

- бүкіл кемені, оның бір бөлігін немесе кемедегі белгілі бір жайларды (чартер) беру талабымен;
- мұндай талап қойылмай жасалуы мүмкін.

Бірінші түрінің міндетті белгісі — жүкті орналастыру үшін кеме тұтастай немесе бір бөлігі, кемедегі жайлары беріледі. Бұндай шарт ҚР Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы Заңының 54-б. 2-б. чартер деп аталған. Себебі бұл шарт чартермен рәсімделеді. Ол тәжірибеде өте үлкен көлемде жүктерді (ағаштар, бидай, мұнай, көмірді және т.б.) тасымалдауды реттейді. Жүкті теңіз көлігімен тасымалдаудың екінші түрі бүкіл кемені, оның бір бөлігін немесе кемедегі белгілі бір жайларды беру жағдайларын қарастырмай, кәдімгі жүк тасымалдау шартымен жасалады. Мұндай шарт тасымалдаушының коносамент беру жолымен жасалады. Сондықтан оны коносамент бойынша тасымалдау шарты деп атауға да болады [5; 85].

Кемелерді пайдаланудың басқа нысандары көлік құралы ретінде кемені жалдау шарты болып табылады. Бірақ заң әдебиетінде тасымалдау шарты мен кеме жалдау шартының заңдық табиғатына қатысты біртекті пікір қалыптаспаған. Бір топ авторлар аталған шарттарды бір шарттың екі түрі деп

танитын болса, келесі авторлар құқықтық табиғаты бойынша дербес екі түрлі шарт деген пікірді айтады. Аталған екі пікір де дұрыс деп айтуға болады. Коносамент бойынша жүк тасымалдау шарты мен кеме жалдау шарты (чартер) екі дербес шарт болып табылады. Коносамент бойынша жүк тасымалдау шарты тасымалдау шартының дәстүрлі түрі болып табылса, кеме жалдау (чартер) шарты кеме жалдау шарты мен жүкті тасымалдау шартының элементтерін біріктіретін ерекше күрделі шарт деген қорытындыға келеміз.

Чартерлік тасымалдаудың ерекшелігі тасымалдаушы жолаушыдан (жүк жөнелтушіден) ешқандай сыйақы алмайды. Чартерлік рейске тасымалдау құжатын беру онда ақы төленгені туралы белгілеумен жүзеге асырылады. Бұл жағдайда жолаушы (жүк жөнелтуші) кеме жалдаушыға барлық қызмет көрсетулер жиынтығы үшін ақы төлейді. Оларға тасымалдау, басқа да қызмет көрсетулер (мәселен, қонақ үйлерге орналастыру, тамақтандыру т.б.) кіреді [6; 238].

Жүйелі түрде тасымалдауларды жүзеге асыру қажет болған кезде тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші тасымалдауларды ұйымдастыру туралы ұзақмерзімді шарттар жасаса алады. *Жүктерді тасымалдауларды ұйымдастыру туралы шарт* бойынша тасымалдаушы белгіленген мерзімде жүкті қабылдауға, ал жүк жөнелтуші — келісілген көлемде тасымалдауға жүк беріп тұруға міндеттенеді. Тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартта тасымалдау көлемдері, мерзімдері, сапасы және көлік құралдарын беру мен тасымалдауға жүктерді берудің басқа да жағдайлары, сондай-ақ тасымалдауды ұйымдастырудың заң актілерінде көзделмеген өзге де жағдайлары белгіленеді (ҚР АҚ-нің 692-б.) [4].

Бұл шарт екіжақты, өтеулі және консенсуалды шарт болып табылады. Аталған шартты қолдану саласы ұзақмерзімді сипатқа ие тасымалдаушы мен жүк иесінің арасында жүйелі жүк тасымалдау қатынастарымен шектеледі. Осының негізінде бұл шарт нақты жүкті тасымалдау шарты болып табылмайды деген қорытынды жасауға болады.

Әртүрлі көлік ұйымдары арасында жүктерді тасымалдауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы шарттар (тораптық келісімдер, жүктерді орталықтандырылған түрде әкелу (әкету) шарты және басқалары) жасалуы мүмкін. Мұндай шарттарды жасасу тәртібі көлік туралы заң актілерімен белгіленеді (ҚР АҚ-нің 693-б.).

Қарастырылып отырған шарттың пәні болып жүктерді жөнелту жеріне жеткізген көлік ұйымдарынан жүктерді қабылдап алу; жүктерді көліктің бір түрінен екінші түріне тиеуді; жүктерді қабылдап алушыға жеткізуші көлік ұйымдарына табыстауды қамтамасыз ету бойынша әрекеттер табылады. Аталмыш шартпен жүктерді тасымалдау үрдісінде қалыптасатын көлік ұйымдарының өзара қатынастары реттеледі.

Тораптық келісімдерден тікелей аралас қатынаста әртүрлі көлік ұйымдарының жүк құжатында көрсетілген жүкті тиеу үшін немесе түсіру үшін көлік құралдарын беру, жүкті қабылдап алу, көліктің екінші түріне ауыстыру жұмыстарын ұйымдастыру міндеттемелері туындайды. Бұндай міндеттемелерді орындау тәртібі көліктік заңнамаларда нақты реттелген.

Көлік ұйымдарының жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті әртүрлі көлік түрлерімен бірыңғай көлік құжаты бойынша (*аралас тасымалдар*) тасымалдау кезіндегі өзара қарым-қатынастары, сондай-ақ осындай тасымалдауларды ұйымдастыру тәртібі аралас тасымалдар туралы заң актілеріне сәйкес тиісті көлік түрлері ұйымдарының арасындағы жасалатын келісімдермен белгіленеді.

ҚР АҚ «аралас тасымалдар» деген ұғымды бекітеді: «Екі немесе одан да көп көлік түрлерімен бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (бірыңғай коносамент) бойынша тасымалдау (аралас тасымалдар) кезіндегі өзара қарым-қатынастар, сондай-ақ осындай тасымалдарды ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілеріне сәйкес аралас тасымалдар қатысушыларының арасындағы жасалатын шарттармен айқындалады» (694-б.) [4]. Соның негізінде «Аралас тасымалдар қағидасы» бекітілді. Ереже аралас тасымалдарды жүзеге асыру тәртібі мен талаптарын, аралас тасымалдың шарттарын жасасудың және аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимылдың негізгі ережелері мен тәртібін, бірыңғай тауар-көлік жүк құжатының (бірыңғай коносаменттің) нысанын және оны толтыру тәртібін айқындайды [7].

Аралас тасымалдар шарты нақты, өзара, өтеулі шарт болып табылады. Аталған шарттың ерекшелігі жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүктерді көліктің әр түрімен ортақ бір құжат бойынша тасымалдауда. Сол себепті аралас тасымалдау деп атайды. Шарттың тараптары: жүк жөнелтуші — жүкті тасымалдауға жөнелтуші, оператор — өз атынан аралас тасымалдауды ұйымдастырушы [8; 63].

Аралас тасымалдар бойынша жүктерді тасымалдаудың негізгі белгісі болып оған әртүрлі көлікпен кем дегенде екі тасымалдаушының қатысуы табылады. Жүк жөнелтуші көліктің бір түрінен екінші түріне жүкті табыстау және оны құжатпен рәсімдеу міндетінен босатылады [9; 113]. Әрбір тасымалдаушы алдыңғы тасымалдаушыдан жүкті қабылдай отырып, жүкті тасудың өзіне тиесілі бөлігінде тасымалдау міндетін орындайды.

Аралас тасымалдар бойынша жүктерді тасымалдаумен байланысты қатынастар шарттың екі түрімен реттеледі: аралас тасымалдау бойынша жүкті тасымалдау шартымен және әртүрлі көлік ұйымдарының арасында мұндай тасымалдауды ұйымдастыру бойынша олардың жұмыс істеу тәртібін реттейтін келісімдермен. Сондықтан әртүрлі көлік ұйымдарымен, әрқайсысының көлік құжаты бойынша жүктерді тасымалдауды қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді және тікелей аралас қатынас бойынша жүктерді тасымалдауды ұйымдастырумен байланысты міндеттемелерді де қарастыратын аралас шарт жасалуы мүмкін. Осындай үлгіде жүктерді түсіру-тиеу жерлерінде көлік ұйымдарының ара қатынасын реттейтін тораптық келісімдер жасалады [10; 257].

Коммерциялық ұйым жүзеге асыратын тасымалдау, егер заң актілерінен, өзге нормативтік құқықтық актілерден немесе осы ұйымға берілген лицензиядан (патенттен) бұл ұйым жолаушыларды, жүктерді және (немесе) теңдеме жүкті кез келген азаматтың немесе заңды тұлғаның өтініші бойынша тасымалдауды жүзеге асыруға міндетті екені туындайтын болса, жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау болып танылады. Жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау шарты жария шарт болып табылады (ҚР АҚ-нің 695-б.).

Жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдаудың ерекшеліктері келесідей: көлік туралы заңнамалармен қарастырылған негіздерден басқа жағдайларда, коммерциялық ұйым ретінде тасымалдаушының заңды және жеке тұлғаларға тасымалдаудан бастартуға құқығы жоқ; тасымалдау бағасы, азаматтардың жекелеген санаттары үшін заңды актілермен қарастырылған жеңілдіктерді қоса алғанда, тасымалдау шартының басқа да жағдайлары барлығы үшін бірдей болуы тиіс; мұндай шартты жасасудан бастартқан жағдайда ҚР АҚ-нің 399-б. 4-б. ережелері қолданылады, яғни шарт жасасуға мәжбүрлеу немесе шарт жасасудан бастартудан келтірілген залалды өтеп алуы мүмкін; көлік туралы заңнамамен қарастырылған жағдайларда жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау шартын жасасу және орындауда тараптар үшін міндетті ережелерді (үлгі шарттарды, ережелерді) қабылдау [6; 240].

Тасымалдау шартының түрлерін көліктің түрлеріне қарай жіктеу заң әдебиетінде кеңінен орын алады. Соның ішінде теңіз көлігінде мемлекеттің теңіз порттары арасындағы қатынаста тасымалдауды каботаж деп атайды. Оның өзі кіші каботаж (бір теңіз бассейніндегі порттар арасындағы тасымалдау) және үлкен каботаж (бірнеше теңіз бассейні порттары арасындағы тасымалдау) деп бөлінеді [11; 379].

Заң әдебиетінде тасымалдаудың жергілікті, тікелей және тікелей аралас қатынас бойынша жүзеге асырылатын дәстүрлі түрлерін ажыратады. Жергілікті тасымалдау деп көліктің бір түрімен ғана тасымалдауды айтады. Тікелей деп бір құжат бойынша көліктің бір түрімен бірнеше көлік ұйымдары қатысатын тасымалдау танылады. Тікелей аралас қатынас бойынша тасымалдау деп бір құжаттың негізінде жүкті әртүрлі көлік түрлерімен тасымалдау есептеледі [9; 39, 40].

Автомобиль көлігінде тасымалдаудың келесідей түрлері қарастырылады: Автомобильмен тасымалдау:

1) жолаушылар мен багажды тасымалдау;

2) жүк тасымалдау;

3) пошта жөнелтілімдерін тасымалдау болып бөлінеді («Автомобиль көлігі туралы» ҚР Заңының 8-б.) [12].

Талқылау

Көліктік міндеттемелерді жіктей отырып, Д.А. Медведев пен В.Г. Смирнов тасымалдауды көліктік міндеттемелердің негізі деп, одан басқа да көліктік қызмет көрсетулерді (ұйымдастыру-тасымалдаушылық, экспедициялық, жалға беру, сақтау т.б.) атап көрсетеді [13; 374].

Бұдан басқа заң әдебиетінде кәсіпкерлік көліктік шарттарды бөліп қарастырады. Бұндай бөлуді көліктің кез келген түрінде тасымалдаушы ретінде тек қана кәсіпкердің қатысуымен негіздейді. Сондай-ақ «әдетте, жүктерді тасымалдау шарты басқа да тасымалдауға қатысушылардың: жүк жөнелтуші мен жүкті қабылдаушының кәсіпкерлік қызметі саласында болады, өйткені тасымалдау тауар жеткізілімі міндеттемелерін орындау үшін қажет» [14; 308].

Заң әдебиеттерінде орын алған жіктеулерге сәйкес, тасымалдау шартының жасалу сәтіне қарай екі түрге бөлінеді: нақты тасымалдау шарты (жүкті тасымалдау) және консенсуалды (жолаушыларды тасымалдау шарты, жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт т.б.).

Шарттың пәні бойынша жолаушыны тасымалдау шарты (шарттың пәні — жолаушы мен теңдеме жүгін белгіленген мекенге жеткізу); жүктерді тасымалдау шарты (шарттың пәні — жүкті тасу); кеме жалдау (чартер) шарты (шарттың пәні — көлік құралының сыйымдылығын түгелдей немесе бір бөлігін беру).

Субъективтік құрамы бойынша келесі түрлерге ажыратылады: жолаушыны тасымалдау шарты, тасымалдаушымен келісуші екінші тарабы — жолаушы; жүкті тасымалдау шарты, екінші тарабы — жүк жөнелтуші; тасымалдауды ұйымдастыру шарты, екінші тарабы — көлік ұйымдары [15; 294].

Тасымалдау шартының мақсатына сәйкес үш топқа бөлінеді: тасымалдауды ұйымдастыруға бағытталған шарттар, мақсаты болып тасымалданатын жүктердің көлемін және көлік құралдарының санын, тасымалдаушы мен жүк жөнелтушілердің жұмыстарының тәртібін айқындау табылады (тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт, темір жол көлігі саласында кірме жолдар қызметтерін көрсетуге жасалатын шарт; вагондарды беруге-алып кетуге шарт жасасу); жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүктерін тасу мен белгіленген мекенге жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған шарттар (тікелей аралас қатынас бойынша жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы көлік ұйымдарының арасында жасалатын келісім, тораптық келісімдер); жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүктерін белгіленген мекенге жеткізуге бағытталған шарттар (жүкті тасымалдау шарты, жолаушыларды тасымалдау шарты) [16; 107].

Тасымалдаушының құқықтық жағдайына (мәртебесіне) байланысты жалпы көлікпен жүзеге асырылатын және басқа да көлік құралдарымен жүзеге асырылатын тасымалдау шарттары деп бөлінеді. Жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау дегеніміз — заңның, рұқсат құжатының талабы бойынша, тасымалдауды кез келген азамат немесе заңды тұлғаның жолдануы жағдайында жүзеге асыру міндеті жүктелген коммерциялық ұйымның тасымалдауы. ҚР АҚ-нің 695-б. сәйкес, жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау шарты жария шарт болып табылады.

Нысаны бойынша тасымалдау шарттарының келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады: көлік жүк құжатымен немесе коносаментпен рәсімделетін шарттар (темір жол көлігімен жүк тасымалдау; теңіз көлігімен жүк тасымалдау); конклюдентті әрекеттер түрінде жасалатын шарттар (көлік ұйымының жүк жөнелтуші тапсырысын қабылдауы; жолаушының билет сатып алуы); жалпы тәртіп бойынша жасалатын шарттар.

ҚР-ның көліктік заңнамасы бойынша көліктік міндеттемелердің тағы да бір тобын құрауға болады, олар көлік саласындағы өзге де қызмет көрсетулер туралы шарттардан туындайтын міндеттемелер. Жүктерді тасымалдаумен байланысты және оны қамтамасыз етуге бағытталған түрлі қызмет көрсетулерді жүк жөнелтішілер мен жүк қабылдаушыларға көрсету пәні болып табылатын көлік экспедициясы шартынан басқа, көліктік құқық қатынастары саласында басқа да өтеулі қызмет көрсету туралы шарттардың кең ауқымы жүзеге асырылады. Олар көліктік үрдіспен байланысты болып, бірақ жүктерді тасымалдауды қамтамасыз етуді мақсат етпейді. Мұндай шарттардың кең таралуы тәжірибемен және арнайы көліктік заңнамаларда бекітілген құқықтық нормалардың болуымен расталады. Мәселен, «Темір жол көлігі туралы» ҚР Заңында «локомотивтік тартқыш операторы шарттар негізінде және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсетеді» (8-б., 5-б.); жүк тасымалдау ережелері жалпы ережелерді, сондай-ақ мыналарды: вагондарды беруге-алып кетуге шарттар жасасу, вагондар мен контейнерлерді жүк түсірілгеннен кейін тазалау және жуу шарттары мен тәртібін қамтиды (40-б.); жүкті тиеуді және түсіруді (жүктен босатуды) тасымалдаушы немесе жүк жөнелтуші (жүк алушы) тасымалдау ережелерінде немесе шарттарында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырады (41-б.); тасымалдаушы жүк жөнелтушіге вагондарды, контейнерлерді қабылданған өтінімде және (немесе) шартта белгіленген мерзімдерде жүк тиеуге беруге және оларды алып кетуге міндетті (45-б.); тасымалдау процесіне қатысушылардың кірме жолдар қызметтерін көрсету жөніндегі өзара қатынастары шартпен айқындалады (60-б.) деп атап көрсетілген [17].

Жоғарыда аталған темір жол көлігі саласында өтеулі қызмет көрсету туралы шарттар тиісінше жүк тасымалдау ережелерінде нақтыланған. Мәселен, Темір жол көлігімен жүк тасымалдау ережелерінде вагондарды беру-әкету шарты (11-т.).

Әуе көлігінде шарттық негізде авиациялық жұмыстар орындалады. «Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» ҚР Заңның 20-б. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайда-

ланушылар үшін аэронавигациялық ұйым ұсынатын әуе қозғалысына қызмет көрсету олардың мемлекеттік тиесілігіне, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысандарына қарамастан, шарттардың (жария шарттардың) негізінде жүзеге асырылады» делінген.

Азаматтық авиацияның қызмет көрсетулеріне жатқызылады: авиациялық жұмыстарды орындау; әуе кемесін пайдаланушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру; аэронавигациялық қызмет көрсету; әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу; әуежай қызметін және (немесе) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) қызметін көрсетуді жүзеге асыру. Осы аталған қызмет көрсетулер де шарттық негізде жүзеге асырылады (6-б., 3-б.) [18].

Теңіз көлігінде көліктік қызмет көрсету туралы көптеген шарттар тәжірибеде орындалады, солардың көпшілігі «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» ҚР Заңымен реттеледі. Атап айтқанда, жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кемелердің оқиғаларға ұшырауын болдырмау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ережелерге сәйкес қоршаған ортаны қорғау мақсатында кемелерді лоцмандық алып өтуге байланысты шарттық қатынастар нақтылы реттелген (45–49-б.) [19].

Аталмыш Заңда сүйретіп жүзу шарты (14-т.), теңіз агенттігі, теңіз делдалдығы (15-т.) жеке реттеледі. Сонымен қатар Заңда теңіз сақтандыру шартына арналған ережелер де бекітілген (7-б.).

Сондай-ақ ішкі су көлігінде де «Ішкі су көлігі туралы» ҚР Заңға сәйкес, өз алдына дербес кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу шарты (12-т.), ішкі су жолдарында кемелерді лоцмандық алып өту (20-б.) ережелері қарастырылған. Бұдан басқа өзен порттарында шарттармен реттелетін жекелеген өтеулі қызметтер көрсетіледі: кемелерге жүк тиеу (түсіру); жүктермен көлік-экспедиторлық және қоймалық операциялар; көліктің басқа түрлерінен ішкі су көлігіне және, керісінше, жүктерді ауыстырып тиеу; кемелер жолаушыларына қызмет көрсету; порт кемелері мен көліктің басқа түрлерінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру (48-б.) [20].

Жоғарыда аталған шарттарды біріктіретін жалпы ортақ белгісі болып олардың өтеулі қызмет көрсету туралы шарттардың тобына жататындығы табылады, себебі олардың пәні пайдалы нәтижеге қолжеткізетін әрекет (қызмет) болып табылады. Келесі ұқсату белгісі ретінде көліктік қызметпен байланысты болуы және осы қызметке көмекші сипатқа ие болуы бола алады.

Қорытынды

Азаматтық құқықта көліктік міндеттемелер тасымалдау және көмекші міндеттемелер болып табылатын белгілі бір көліктік шарттар жүйесін құрайды. Тасымалдау міндеттемелері жүктерді кеңістікте көлікпен жеткізуді мақсат ететін негізгі міндеттеме болса, ал көмекші міндеттемелер осы тасымалдау үрдісінің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етеді. Оларды келесідей жіктеуге болады:

- 1) ұйымдастырушылық міндеттемелер (тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт);
- 2) экспедициялық міндеттемелер (көлік экспедициясы туралы шарт, жүкті тиеу-түсіру жұмыстары туралы шарт);
- 3) көліктік міндеттемелер (вагондарды беру және жинау туралы шарт, темір жолмен тасымалдау жолдарын пайдалану туралы шарт, темір жол қызмет көрсетулері туралы шарт);
- 4) жалдау туралы міндеттемелер (қоймаларды және жүктерді жинау алаңдарын жалдау, вагондарды және басқа да жылжымалы құрамды жалдау).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ильясова Г.А. Система транспортных договоров по законодательству Республики Казахстан / Г.А. Ильясова // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Право. — 2012. — № 2 (66). — С. 39–44.
- 2 Брагин С.В. Экспедирование, экономика, транспорт: учеб. пос. / С.В. Брагин, А. Сабетов. — Алматы: Glory, 2002. — 397 с.
- 3 Шершеневич Г.Ф. Курс торгового права: по изд. 1908 г. / Г.Ф. Шершеневич. — Т. 2. Классика российской цивилистики. — М.: Статут, 2003. — 544 с.
- 4 Қазақстан Республикасының 1 шілде 1999 жылғы № 4091 Азаматтық кодексі. Ерекше бөлім [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_
- 5 Ильясова Г.А. Понятие и правовая природа договора фрахтования (чартера) по законодательству Республики Казахстан и Украины / Г.А. Ильясова, Е.Н. Ключева // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Право. — 2016. — № 3 (83). — С. 85–93.

- 6 Тулеугалиев Г.И. Избранные труды по транспортному праву / Г.И. Тулеугалиев. Предисл. М.К. Сулейменов, Е.У. Ихсанов; Сост. М.К. Сулейменов. Сер. «Классика казахстанской цивилистики». — Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2003. — 506 с.
- 7 «Аралас тасымалдар қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 қарашадағы № 1104 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 желтоқсанда № 12569 болып тіркелді // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012569>
- 8 Ильясова Г.А. Правовое регулирование договора прямой смешанной перевозки грузов по законодательствам Республики Казахстан и Украины: сравнительно-правовой анализ / Г.А. Ильясова // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Право. — 2016. — № 2 (82). — С. 59–68.
- 9 Егиазаров В.А. Транспортное право: учебник для вузов / В.А. Егиазаров. — М.: Юстицинформ, 2005. — 544 с.
- 10 Брагинский М.И. Договорное право. Кн. 4: Договоры о перевозке, буксировке, транспортной экспедиции и иных услугах в сфере транспорта / М.И. Брагинский, В.В. Витрянский. — 4-е изд., стер. — М.: Статут, 2007. — 940 с.
- 11 Гражданское право России. Часть вторая: Обязательственное право. Курс лекций / отв. ред. О.Н. Садилов. — М.: Юрист, 2004. — 845 с.
- 12 «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 476 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000476_#z144
- 13 Медведев Д.А. Гражданское право: учебник / Д.А. Медведев, В.Т. Смирнов; под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого. — Ч. II. — М.: ПРОСПЕКТ, 1998. — С. 373–419.
- 14 Ковалевская Н.С. Коммерческое право: учеб. / Н.С. Ковалевская; под ред. В.Ф. Попондопуло, В.Ф. Яковлевой. — СПб.: Изд-во СПб., 1997. — 518 с.
- 15 Тулеугалиев Г.И. Глава 35. Перевозка. Гражданский кодекс Республики Казахстан. (Особенная часть). Комментарий / Г.И. Тулеугалиев; отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. — 2-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики. — Алматы: Жеті жарғы, 2003. — С. 284–338.
- 16 Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының көлік құқығы: оқу құралы / Г.А. Ильясова. — 2-ші бас., өзгерт. және толықт. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2013. — 366 б.
- 17 «Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы N 266 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000266_#z6
- 18 Қазақстан Республикасының «Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі № 339-IV Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000339_#z1011
- 19 «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы N 284 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000284_
- 20 Қазақстан Республикасының «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі № 574 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000574_#z219.

У.К. Кумарова, Г.А. Ильясова

Классификация транспортных обязательств в гражданском праве

Целью исследовательской работы является проведение анализа классификации транспортных обязательств по гражданскому праву и выявление на этой основе отдельных видов транспортных обязательств. Для достижения цели поставлена задача — изучить правовую природу каждого вида гражданско-правовых договоров об оказании транспортных услуг. Сущность и правовая природа транспортных договоров раскрываются путем проведения правового анализа современных законодательных норм, которые регулируют правоотношения в разных отраслях транспорта. Теоретической основой настоящего исследования являются научные исследования ученых-цивилистов, посвященные понятию и видам транспортных договоров, правовому регулированию транспортных обязательств. Освещаются вопросы выделения отдельной группы транспортных обязательств, вытекающих из иных видов договоров об оказании возмездных услуг, связанных с транспортной деятельностью (например, договор об оказании лоцманских услуг, договор о спасании, договор на выполнение авиационных работ, договор морского агентирования и т.п.). Научной новизной является проведение исследования правового регулирования отдельных видов транспортных обязательств, разработка предложений, направленных на совершенствование гражданского законодательства Республики Казахстан.

Ключевые слова: транспортное обязательство, транспортный договор, договор перевозки, договор смешанной перевозки, договор транспортной экспедиции, чартер, транспортные услуги.

U.K. Kumarova, G.A. Ilyassova

Classification of transport obligations in civil law

The purpose of the research is to analyze the classification of transport obligations under civil law and to identify on this basis certain types of transport obligations. For achievement of goal, the task to study the legal nature of each type of civil law contracts on the provision of transport services is set out. The essence and legal nature of transport contracts are disclosed by conducting a legal analysis of modern legislation that regulates legal relations in various sectors of transport. The theoretical basis of this study is the research of civilians, devoted to the concept and types of transport contracts, the legal regulation of transport obligations. The article touches upon such issues as the classification of transport obligations, including the system of contract of carriage, the legal nature of each type of transport agreement is analyzed, and the issues of identifying a specific group of transport obligations arising from other types of contracts for the provision of compensated services activities are get covered (for example, an agreement on the provision of pilot services, an agreement on rescue, an agreement on the performance of aviation works, an agreement on maritime agency services, etc.). Scientific novelty is conducting a study of the legal regulation of certain types of transport obligations, the development of proposals aimed at improving the civil legislation of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: transport obligation, transport contract, contract of carriage, multimodal transport contract, contract of freight forwarding, charter, transport services.

Referenses

- 1 Ilyassova, G.A. (2012). Sistema transportnykh dohovorov po zakonodatelstvu Respubliki Kazakhstan [The system of transport contracts under the laws of the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik Karahandinskoho universiteta. Seriya Pravo – Bulletin of the Karaganda University. Series Law*, 2 (66), 39–44 [in Russian].
- 2 Bragin, S.V., & Sabetov A. (2002). *Ekspedirovanie, ekonomika, transport [Forwarding, economy, transport]*. Almaty: Hlory [in Russian].
- 3 Shershenevich, G.F. (2003). Kurs torhovoho prava: Po izd. 1908 h. [The course of trade law: By ed. 1908]. (Vol. 2). Moscow: Statut [in Russian].
- 4 Kazakstan Respublikasynyn 1 shilde 1999 zhylyhy No. 4091 Azamattyk kodeksi. Erekshe bolim [Civil code of the Republic of Kazakhstan 1.07.1999 No. 4091.]. Special part. *adilet.zan.kz*. Retrieved from http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409__ [in Kazakh].
- 5 Ilyassova, G.A., & Klyuyeva, Ye.N. (2016). Poniatie i pravovaia priroda dohovora frakhtovaniia (chartera) po zakonodatelstvu Respubliki Kazakhstan i Ukrainy [The concept and legal nature of the chartering agreement (charter) under the laws of the Republic of Kazakhstan and Ukraine]. *Vestnik Karahandinskoho universiteta. Seriya Pravo – Bulletin of the Karaganda University. Series Law*, 3 (83), 85–93 [in Russian].
- 6 Tulegaliyev, G.I. (2003). Izbrannye trudy po transportnomu pravu [Selectas on Transport Law]. Seriya «Klassika kazakhstanskoi tsivilistiki» – Edition «Classics of Kazakhstan civil law». Almaty: NII chastnogo prava KazHluU [in Russian].
- 7 «Aralas tasymaldar kahidalaryn bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Investitsiialar zhane damu ministrinin m.a. 2015 zhylyhy 26 karashadaly No. 1104 byiryhy. Kazakstan Respublikasynyn Adilet ministrihinde 2015 zhyly 28 zheltoksanda No. 12569 bolyp tirkeldi [«On approval of the rules of multimodal transport» Order of the Acting Of the Minister for Investment and Development of the Republic of Kazakhstan dated November 26, 2015 No. 1104. Registered in the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan December 28, 2015 No. 12569]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012569__ [in Kazakh].
- 8 Ilyassova, G.A. & Klyuyeva, Ye.N. (2016). Pravovoe rehulirovanie dohovora priamoi smeshannoi perevozki hruzov po zakonodatelstvam Respubliki Kazakhstan i Ukrainy: sravnitelno-pravovoi analiz [Legal regulation of the contract of direct mixed transportation of goods under the laws of the Republic of Kazakhstan and Ukraine: comparative legal analysis]. *Vestnik Karahandinskoho universiteta. Seriya Pravo – Bulletin of the Karaganda University. Series Law*, 2 (82), 59–68 [in Russian].
- 9 Egiazarov, V.A. (2005). *Transportnoe pravo [Transport law]*. Moscow: Yustitsinform [in Russian].
- 10 Braginsky, M.I., & Vitryansky, V.V. (2007). Dohovornoe pravo. Kn. 4: Dohovory o perevozke, buksirovke, transportnoi ekspeditsii i inykh usluhakh v sfere transporta [Contract law. Book 4: Contracts for transportation, towing, transport expedition and other services in the sphere of transport]. (4d ed.). Moscow: Statut [in Russian].
- 11 Sadikov, O.N. (Eds.) (2004). Hrazhdanskoe pravo Rossii. Chast vtoraiia: Obiazatelstvennoe pravo. Kurs lektsii [Civil law of Russia. Part Two: Law of Obligations. Lecture course]. Moscow: Yurist [in Russian].
- 12 «Avtomobil kolyhi turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2003 zhylyhy 4 shildedehi N 476 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan «About automobile transport» dated July 4, 2003 N 476]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000476_#z144__ [in Kazakh].
- 13 Medvedev, D.A. & Smirnov, V.T. (1998). *Hrazhdanskoe pravo [Civil law]*. (Part 2). A.P. Sergeev, Yu.K. Tolstoy (Ed.). Moscow: Prospect [in Russian].
- 14 Kovalevskaya, N.S. (1997). Kommercheskoe pravo [Commercial Law]. V.F. Popondopulo, V.F. Yakovleva (Ed.). Saint Petersburg: Izdatelstvo Sankt-Peterburhskoho universiteta [in Russian].
- 15 Tulegaliyev, G.I. (2003). Hlava 35. Perevozka. Hrazhdanskii kodeks Respubliki Kazakhstan (Osobennaia chast). Kommentarii [Chapter 35. Transportation. Civil Code of the Republic of Kazakhstan (special part). Comment]. (2d ed.) M.K. Suleimenov, Yu.G. Basin (Ed.). Almaty: Zheti zharhy [in Russian].

16 Ilyassova, G.A. (2013). *Kazakstan Respublikasynyn kolik quqygy: oqu quraly*. [Transport Law of the Republic of Kazakhstan: Study Guide.]. Karaganda: Publishing House of KarSU [in Kazakh].

17 «Temirzhol koligi turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2001 zhyly 8 zheltoksandahy N 266 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan «About Railway Transport» of December 8, 2001 N 266]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000266__ [in Kazakh].

18 Kazakstan Respublikasynyn «Aue kenistihin paidalanu zhane aviatsiia kyzmeti turaly» 2010 zhyly 15 shildedehi No. 339-IV Zany [Law of the Republic of Kazakhstan «About the use of the airspace of the Republic of Kazakhstan and aviation activities» dated July 15, 2010 No. 339-IV]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000339_#z1011 [in Kazakh].

19 «Sauda maksatynda tenizde zhyzu turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2002 zhyly 17 kantardahy N 284 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan «About merchant shipping» dated January 17, 2002 No. 284]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000284_ [in Kazakh].

20 Kazakstan Respublikasynyn «Ishki su kolihii turaly» 2004 zhyly 6 shildedehi No. 574 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan «About Inland Water Transport» of July 6, 2004 N 574]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000574_#z219 [in Kazakh].